

Мешелова А.О.,
Алтынбеков А.Б.

**Қазақстанда жетім және
ата-анасының қамқорлығынсыз
қалған балалармен әлеуметтік
жұмыстың мемлекеттік және
отбасылық формалары**

Бұл мақалада әлеуметтік жұмыстың ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын жетімдік феномені талданады. Жетімдік мәселесі қай уақытта да қоғамның өзекті әрі шешімін таппаған мәселелердің қатарынан табылуда. Жетім балалардың тәрбиесіне, біліміне жауапты мекемелердің түлектері қоғамда девиантты мінез-құлық танытуға әрі заңды бұзуға икемділігі жоғары, қауіпті топ болып саналады. Жетім балалармен әлеуметтік жұмыстың мәселелері аталған мақалада түрлі жағынан қарастырылады. Аталған категориямен әлеуметтік жұмыс жүргізудің түрлі формалары мен түрлері талданған және олардың өзіндік ерекшеліктері анықталған. Мақала авторлары балаларды аталған мекемелерге өткізудің жүйесін, мемлекеттік балалар үйлеріне бөлінетін қаржылық ресурстардың жұмсалымы ерекшеліктерін және аталған балалар үйлерінің негізгі артықшылықтары мен кемшіліктерін талдайды. Берілген ақпараттар мен сараптамалардың толықтығы үшін психологтар мен психотерапевтердің және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы тәжірибелі мамандардың тұжырымдары келтірілген. Авторлар жетім балалардың тәрбиесі мен жағдайын, олардың әлеуметтік қорғалу саласын толыққанды бағалау үшін дамыған мемлекеттердің тәжірибелерін де қарастырған. Шетелдерде дамыған Foster Care институты отбасылық тәрбиенің барлық тарапқа ұтымды үлгісі ретінде талданған. Қазақстанда жетім балаларды әлеуметтік қорғау және олармен әлеуметтік жұмысты жетілдіруге бағытталған жаңа реформалар мен жобалар қарастырылған. Қазақстанда жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, өмір сүру жағдайы мен тәрбиесін, білімі мен өмір дағдыларын, әлеуметтік жұмыс жүргізудің формалары әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Түйін сөздер: Балалар үйі, мемлекеттік мекемелер, балалардың құқықтарын қорғау, отбасылық тәрбие, отбасылық үлгі, патронат, қорғаншылық және қамқоршылық органы, девиантты мінез-құлық, жетім балалармен әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік қорғау.

Meshelova A.O., Altynbekov A.B.

**State and family forms of social
work with orphans and children
without paternal care**

This paper studies the phenomenon of orphanhood, as one of the most urgent problems of social work. Orphanhood problem always will be one of the most serious public unresolved problems. Graduates of orphan institution create the risk for the society, they are more prone to the offense and deviant behavior. Problems of social work with orphans in this article are considered from different sides. Different forms and types of social work with this category are explained, and its specificswere revealed. The authors explore the transfer of orphans in the respective agencies system, allocation of financial resources at the state orphanages, determine the main advantages and disadvantages of these houses. The article puts the focus on the family upbringing of orphans and children without parental care. Today, the state is interested to build family-type orphanages and villages. The number of children brought up in familyassociatedinstitutes is considerably higher than in Government orphanages. In addition, family upbringing provides more opportunities for the successful formation of the person and its further socialization. But despite these advantages, there are more facts in the world practice that there is a threat of systemic violenceinfoster family for children. In this respect, the authors present their own version of improvements of the system of family upbringing of orphans and children without parental care. The article also focus on foster parenting, and on normative-legal acts regulating actions of the actors of family placement of children.

Key words: Orphanages, State the orphanages, protection of the children's rights, family upbringing, family-type homes, Foster Care, custody and guardianship authority, deviant behavior, social work with orphans, social protection.

Мешелова А.О.,
Алтынбеков А.Б.

**Государственные и семейные
формы социальной работы с
детьми-сиротами и детьми,
оставшимися без попечения
родителей**

Данная статья рассматривает феномен сиротства как одного из наиболее актуальных проблем социальной работы. Проблема сиротства была и остается одной из серьезнейших неразрешенных проблем общественности. Проблемы социальной работы с детьми сиротами в данной статье рассматриваются с разных сторон. Разъяснены формы и виды социальной работы с данной категорией, выявлены особенности некоторых из них. Авторы исследуют систему передачи детей-сирот в соответствующие учреждения, распределения финансовых ресурсов при государственных детских домах, называют основные преимущества и недостатки этих домов. Для полноты информации представлены утверждения психологов и психотерапевтов, а также практиков-специалистов в сфере социальной защиты детей. В поисках наиболее приемлемого пути для обеспечения защищенности, ухода и воспитания детей-сирот авторы ссылаются на практики развитых стран. Статья ставит акцент на семейное воспитание детей-сирот и детей оставшихся без попечения родителей. Авторы представляют собственный вариант для улучшения системы семейного воспитания детей-сирот и детей оставшихся без попечения родителей. Предложено обновить и модернизировать систему защиты прав и свобод детей сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, и форму социальной работы для организации их жизненного условия, воспитания и образования.

Ключевые слова: детские дома, государственные учреждения, защита прав детей, семейное воспитание, семейный тип, патронат, орган опеки и попечительства, девиантное поведение, социальная работа с детьми-сиротами, социальная защита.

**ҚАЗАҚСТАНДА ЖЕТІМ
ЖӘНЕ АТА-АНАСЫНЫҢ
ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ
ҚАЛҒАН БАЛАЛАРМЕН
ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС-
ТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ
ФОРМАЛАРЫ****Кіріспе**

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс олардың құқығын қорғау, олардың өмірлік қажеттіліктермен қамтамасыз етілу жағдайын, әлеуметтік бейімдеу, жұмыспен және тұрғын үймен қамтамасыз ету тұрғысынан жүргізіледі. Бұл міндеттердің жүзеге асырылуы қорғаншылық және қамқоршылық органының құзіреттілігінде. Бұл органға осы категорияға жататанын балаларды анықтап, есепке алып, орналастыру үлгісін таңдап, олардың материалды қажеттіліктермен қамтамасыз етілуін, қорғалуы мен денсаулығын, тәрбиеленуі мен білім алуын бақылау міндеті жүктелген. Орган қорғалуы тиіс бала туралы ақпарат алған сәттен бастап бірнеше күннің ішінде баланың өмір сүру жағдайын зерттеп, оны әлеуметтік қорғалуы мен орналасуына жағдай жасауы керек. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ең бірінші кезекте отбасыға (асырап алу, қорғаншы және қамқоршы, өкіл отбасы) берілу мүмкіндігі қарастырады. Аталған мүмкіндік болмаған жағдайда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған арнайы мекемелерге өткізіледі. Қазір Қазақстанның 14 облысында және мемлекеттік маңызы бар екі қаласында мемлекеттік және отбасы үлгісіндегі жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өмір сүруі мен тәрбиеленуі, бейімделуі мен мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектермен айналысатын 188 мекеме бар [1].

Негізгі бөлім

Мемлекет басшысы «Қазақстан-2050» Стратегиясында баланы қорғау бойынша айтқан өз сөзінде «Бейбіт өмірдің өзінде бізде мыңдаған жетім бар – балалар үйлері толы. Бұл, өкінішке қарай, жалпыәлемдік үрдіс және жаһандандудың сынағы. Бірақ біз бұл үрдіспен күресуіміз керек. Мемлекетіміз бен қоғамымыз жетімдерді асырап алуды және отбасы типіндегі балалар үйлері салынуын көтермелеуі қажет», – деген болатын [2]. Яғни, мемлекеттік саясат пен қоғамдық процестер, жаңа жаһандану жағдайы жетім және ата-анасының қорғауынсыз

қалған балалармен жұмыс істеу механизмінің отбасылық үлгіге ауысуының басымдықтарын алға тартуда. Бұл үлгі баланың әлеуметтенуі, тәрбие алуы, адамдармен қарым-қатынас орнатуы және жеке дамуы үшін тиімді деп қарастырылады.

Мемлекеттік заңнамаларда, нормативтік актілерде жетімдер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өмірін құқықтық реттеу бойынша қарастырылатын мәселелер жыл санап жетілдіріле түсуде. Аталған категорияны шетелдік тәжірибелер бойынша қазақстандық үлгіге, менталитетке мейлінше сәйкестендірілуде. 2014 жылғы көрсеткіш бойынша, Қазақстанда 32 362 (2013 ж. – 33 682) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардан 23 170 (2013 ж. – 23 803) орналастырудың отбасылығына баламалы нысандарымен (қамқоршы, патронат, асы-рап алу) қамтылды, 9 192 (2013 ж. – 9 879) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тәрбиеленуде. Балалар үйінде ата-анасы тірі 81,6% бала және бір немесе екі ата-анасы да қайтыс болған 18,4% бала ғана (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жалпы санынан ҚР бойынша – 37% жетім) тұрып жатқанын атап өткен жөн [3].

Қазақстанда жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өмірі мен тәрбиесін мемлекеттік реттеу екі бірдей министрліктің: Халықты әлеуметтік қорғау мен денсаулық сақтау және Білім және Ғылым министрліктерінің құзыреттілігі бойынша жүзеге асады. Алайда әрсалалы министрліктердің бақылауына кіретін балалардың өмір жағдайы мен білім алуы, тәрбиесі мен денсаулығы біржақты бақылауда болуына, өзара біртұтас құрылым ретінде зерттелуіне кедергі келтіреді. Аталған категорияға жататын балалар 0-3 жас аралығында денсаулық сақтау және жергілікті атқарушы биліктің қарауында болса, үш жастан кейін денсаулығы жақсы балалар білім басқармасына, ал мүгедек балалар Халықты әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау министрлігінің құзыреттілігіндегі мекемелерге өтеді. Әлеуметтік қорғалуды идеалды түрде қамтамасыз етілуі үшін қажетті кәсіби мамандар еңбегін ескере келе, аталған жүйе тиімді деп атауға келер еді. Жан-жақты қамтылған мемлекеттік мекеме жетім балаларға медициналық, психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін таптырмас құрал болады. Алайда қоғамдық қарым-қатынастардан, әлеуметтік про-

цестерден, отбасыдағы тәрбие мен махаббаттан шеттелген бала 18 жасқа келіп, әлеуметтену үдерісіне түскен сәтте әлеуметтік фобияға ұшырап, өзін-өзі интерпретациялай алмағандықтан, әсіресе еңбек ету мәдениеті мен техникасын игермегендіктен, қылмысқа, нашақорлыққа және өзге де девиантты мінез-құлықтық әрекеттерге жол береді. Психолог-психотерапевт А.В.Толстых балалық және жасөспірімдік шақтағы адамның рухани жалғыздығы оның болашақ өмірінде көптеген қарама-қайшылықтарға жол ашатындығын жазады. «Балалар өзін жалғыз сезінгенде болашаққа бағыттала алмайды. Бүгінге қорқынышпен қарайды, тек өткенін ойлайтын болады. Бастамашылдықтың жоқтығы, өзгелер тарапынан елеп-ескерілмеу, қоршаған ортамен қарым-қатынастың болмауы, көмекті сұрау және оны қабылдау мүмкіншілігінің болмауы оны жоғары нервоздық жағдайға ұшыратады. Бұл жағдай болашақта аддитивті, агрессивті көңіл-күй туғызып, әлеуметтік-психологиялық дезадаптацияға ұшыратады [4]. Әлеуметтену процесінен өте алмаған балалар үйлерінің түлектерінің ішінде балалар үйінен шыққан алғашқы бір жылдың ішінде 60% ер азаматтар қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 40% қыз балалар жезөкшелікке салынатындығы жайында мәліметтер бар [5]. Оған қоса ЮНИСЕФ-тің жүргізген сауалнамасы бойынша, балалар үйлерінің 50%-ға жуығы Қазақстандағы балалар үйлерінде жүйелі түрде зорлық-зомбылық белең алатындығы расталған [6]. Бұл дәлелдер бүгінгі жетім балаларға болашақта мемлекеттің және қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қауіп тудыратын категория ретінде қарауға негіз бола алады. Оған қоса «Ұлағат Бизнес Групп» зерттеу-консалтингтік орталығының «Қазақстанда жетім балаларды базалық және баламалық қорғаудың әлеуметтік-экономикалық және бюджеттік тиімділігін салыстырмалы зерттеуінің» [7] мәліметі бойынша мемлекеттік нысандағы балалар үйінің тиімсіздігін дәлелдейді. 2015 жылдың нәтижесі бойынша Алматы қаласының №2 Балалар үйінің мемлекеттік қаражатты пайдалану туралы желтоқсан айындағы есебі соңғы 9 ай көлемінде тәрбиеленуші 95 балаға аталған мекеме 163280000 теңге шығынының көрсеткіштерін ұсынады [8]. Енді осы көрсеткішті әр балаға есептеп көрелік. $163280000/95=17087158$; ал айлық көрсеткішін анықтау үшін $17087158/9=1898573$ теңге. Алайда аталған балалар үйі денсаулығында ақауы бар балаларға арналғандығын ескеруіміз қажет. Денсаулығында ақауы бар балаларға өзге балаларға қарағанда күтім мен медициналық,

психологиялық көмек көбірек қажет. Әйтсе де аталған есептен біз балалардың денсаулығына қатысты медикаменттерді алуға кеткен 350000 теңге шығынды ғана көре алдық. Дегенмен, есеп көрсеткіші бойынша жалпы қаражаттың жартысынан астамы 77318000 теңге мекеменің 105 қызметкеріне беріледі. Бұл көрсеткіш бойынша қызметкерлердің айлық табысының орташа көрсеткішін есептегенде салық пен қорларға түсетінімен қосқанда 60000 теңгеден аспайтыны белгілі болып отыр. Яғни, мемлекеттік мекемені ұстап тұру шығындары мен мамандардың санының көп болуы балалардың мемлекет мен қайырымдылық тарапының түскен қаражатқа қол жеткізе алмайтындығына себепші болуда. Әлбетте, медициналық және психологиялық ахуалы бар, кәсіби мамандардың күтіміне зәру балалармен консультациялық-мақсаттық жұмыс жүргізу қажет. Ол үшін арнайы мекемелердің жұмыс істегені де абзал. Ал денсаулығы мен психологиялық жағдайы қалыпты балалардың қоғамнан изоляцияланған мекемелерде өмір сүруі мен тәрбиеленуі балаларда депривациялық, фрустрациялық жағдайға ұшырап, болашақта қоғамнан өз орнын таба алмай, девиантты мінез-құлыққа жол беруіне себепші болу мүмкіншілігі жоғары. «Девиантты мінез-құлыққа икемді балаларды әлеуметтік қамсыздандыру мен олармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс олардың өзін-өзі қалыптастыруына негізделуі керек, олардың даму мен өсуі, білім алуы, белсенді өмірлік позициясын табу кезіндегі кедергілерден арылып, өзгелермен бірдей мүмкіндігі болуына бағытталуы керек» деп жазады әлеуметтік жұмыс мамандары [9]. Яғни, әрбір баланың өз орнын табуы үшін өзге балалармен бірдей мүмкіншілігі болуы керек. «Жетім балаларға арналған мекемелердің түлектері өз болашақ мамандығын, кәсіп жолын таңдау сатысына келгенде кез-келген бала сияқты кәсіби немесе жоғары оқу орнынан білім алғысы келеді. Алайда өз жеке қасиеттері мен кәсіби перспектива арасындағы байланысты қалай жүзеге асырарын білмегендіктен қателікке ұрынады» [10] деп жазады балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі маман. Бұл қателіктер баланың балалар үйінде тәрбиелену барысында өмірге, еңбек етуге қажетті қабілеттіліктерді үйрене алмағандығынан туатын мәселе деп ойлаймыз.

Жоғарыда көрсетілген әр балаға кететін шығынды отбасында өмір сүретін балаға берер болсақ, баланы қамқорлығына алып отырған азаматқа да, балаларға да тиімді болар еді. Қамқоршы баланы толығымен қамтамасыз етіп

қана қоймай, оған медициналық, психологиялық көмектерді қажет болған жағдайда ғана ұйымдастыра алады. Және оған артық шығынсыз өмір сүру әдісі мен қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауды, сүюді және сүйікті болуды, рухани байлықты, ситуацияларда өзін-өзі ұстай білуді үйретеді. Өзге балалармен бірге мектепке дейінгі, орта білім алуға, қосымша өзін-өзі шыңдауға мүмкіндік алады. Соңғы жылдары жетім балалардың отбасында өмір сүруі мен тәрбиеленуін алға тартуға арналған түрлі шаралар жүргізілуде. 2012 жылдың 28 ақпанында Астана қаласында өткен «Бала отбасында өмір сүруі керек» атты форум қоғам және белсенді топтар арасында жетім балаларды отбасылық үлгідегі тәрбиелеу нысанына алуға бағытталуына жаңаша серпіліс берді. 2004 жылдан бастап баланы патронаттық отбасыларға тәрбиеге беру үлгісінің механизмі жасақталған болатын. Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурызда жарық көрген актілер жинағы бойынша өзгерістер енгізіліп, тиімділігін арттыруды көздеді.

Мемлекеттік актілермен бекітілген баланы отбасыға орналастырудың жәрдемақысы 18 жасқа толғанша үшжарық келісім арқылы жүзеге асырылады. Патронаттық үлгі дамыған елдер тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүрген Foster care үлгісіне ең жақыны. Әзірге Қазақстанда бұл форма бойынша 2000-ға жуық бала ғана орналастырылған. Патронаттық үлгідегі отбасылары немесе азаматтар мемлекеттен арнайы жалақы алады. Яғни баланы тамақтандыруға 6-7 айлық есептік көрсеткіш (12 726-14 847 теңге), аяқ киімі мен киім-кешегіне 3 айлық есептік көрсеткіш (6363 теңге) бөледі. Ал қорғаншылық және қамқоршылық үлгісі бойынша алынған балалар үшін 10 айлық есептік көрсеткіш (21 210 теңге) көлемінде жәрдемақы бөлінеді [11]. Оған қосымша патронаттық тәрбиешіге 35 000 теңге шамасында жалақы төленеді. Ал баланы асырап алғаны үшін мемлекет тарапынан бір реттік 75 айлық есептік көрсеткіш (159075 теңге) көмек беріледі [12]. Бұл қарастырылған қаржылар жетім балаларды қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Жетім балалармен әлеуметтік жұмыстың отбасылық үлгісін дамыту мен оны жолға қою үшін әр балаға кемінде мемлекеттік мекемелердегі балаларға бөлінетін қаржының жартысын беру қажет. Ал жалпы балалардың санына шаққанда бұл әдіс экономикалық тұрғыдан тиімді болмақ. Яғни әр балаға өмір сүруі мен білім алуына толықтай жетерлік қаражат және баланы өз қамқорлығына алушы ата-анаға

тиісті деңгейде жалақы берілер болса, баланың да, тәрбиелеушінің де мотивациясы, мотивациямен қатар сапа да артады.

Дамыған елдер тәжірибесі жетім балалармен жұмыстың отбасылық үлгісін дамытуға басымдық береді. АҚШ-та 408,425 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар отбасылық үлгіде тәрбиеленуде [13]. Бала асырап алғаны үшін денсаулығында ақауы жоқ балаларға бір реттік 10000\$, ал медициналық және психологиялық ауруы бар балаларға 25000\$ көлемінде бір реттік жәрдемақы беріледі [14]. Баланы фостерлік тәрбиелеушілерге ай сайын орналасқан штатына қарай 600-1400\$ жалақы төленеді. Баланың күнделікті шығынына, білім алуына мемлекет тарапынан қаржы бөлінеді. Food stamps, Home heating assistance (LIHEAP) сынды қызметтер де көмек ретінде тегін көрсетіледі. Канадада 47885 бала отбасылық үлгіде тәрбиеленуде.

Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің expertі Г. Кулсариева Қазақстанда балалар мәселелерімен айналысатын 400-ге жуық қоғамдық ұйымдары жұмыс істейтіндігі туралы жазады. Бала тәрбиелеу жөнінде кеңестік жұмыстар жүргізетін мектептер жұмыс істеуде. Алматы, Астана, Теміртау сынды қалаларда отбасыны нығайту және әлеуметтік жетімдікті профилактикалау бойынша жобалар ашылды [16]. Балаларын тастап кетуді көздеген жас аналарға материалды, психологиялық, әлеуметтік көмек көрсету мақсатында «Аналар үйі» жобасы жасақталып, сәтті жүзеге асырылуда. 2012 жылдан бастап баланы өз тәрбиесіне алғысы келетін ата-аналар үшін «Бала отбасыда өмір сүру керек» атты жоба аясы бойынша балалардың анкеталары жасақталып, ашық түрде интернет арқылы қоғамға ұсынылды. Аталған бағдарлама бойынша қазірде 4350-ге жуық бала туралы ашық ақпарат бар. 108 бала өз отбасын тапқан. Алайда, баланы отбасына алуға тілек білдіруші азаматтарды мотивациялау жүйесі әлі де жетілдіруді қажет етеді. Бұл мотивацияны біз былай ұсынар едік:

– Баланы асырап немесе өз тәрбиесіне алған азаматтарға мемлекет ай сайын жеткілікті мөлшерде жәрдемақы төлеуі;

– Заң бойынша баланы тәрбиелеу кезінде бөлінетін сомма тек баланың шығындарын ғана емес, тәрбиелеушінің де еңбегінің ескерілуі;

– Баланы қамқорлығына алған азаматтар үшін денсаулық сақтау, жол жүру, демалыс секілді мемлекет тарапынан болуы мүмкін көмектер мейлінше жеңілдетілуі;

– Мемлекеттік тұрғын үй алуда жетім балаларды асырап алушы немесе оларды тәрбиелеу ісінде тұрақты нәтиже көрсетіп жүрген азаматтарға басым түрде жеңілдіктер беру;

– Қағазбастылықты азайту.

Балаларды отбасылық орналастырудың маңыздылығы жөнінде түрлі авторлардың еңбектері бар. Америкалық автор Т. Уайлдер: «Отбасылық өмір керемет акустикамен жабдықталған зал секілді. Өсіп жатқан балалар тек сөз ғана емес (ол кейде есте қалмауы мүмкін), олар сол сөздің астында жатқан ой мен пейілді сезіне алады, ең бастысы ата-анасы секілді сүю мен өз-өзін ұстауға үйренеді» [16] дейді. Отбасы қоғамдық өмірдің құрылымын құраушы институт болғандықтан, онда әлеуметтік-демографиялық процестер мен дәстүрлі ақпаратты қабылдау жеңілдірек болады. Жетім және әлеуметтік жетім балаларды отбасына орналастырудың ең басты артықшылығы – тұлғалық ресурстарға қолжетімді болуы. Балалар үйінде педагог-бала, психолог-бала, әлеуметтік жұмыскер-бала, тәрбиеші-бала, аспазшы-бала және т.б. ресми қатынас түрі отбасында ата-ана-бала, бауыры-бала секілді рухани жақынырақ қатынасқа ауысады. Олармен жақын қатынасқа түсіп, олардың құндылықтық бағыттарын, әлеуметтік алғышарттарын, әрекет ету мен мақсат қою ерекшеліктерін бойына сіңіреді. Отбасы адамның физикалық және эмоционалды дамуын реттейді. Сәби және бала кезде отбасын өзге әлеуметтену агенттері мен тәрбие мекемелер алмастыра алмайды. А.В. Мудриктің «Адам әлеуметтенуі» атты оқу құралында мынандай мысал келтіріледі: «Егер анасы жаңа туған баласынан бас тартар болса, ол мемлекеттік мекемелерге өткізіліп, толық тамақпен және күтіммен қамтамасыз етілсе де, баланың өсуі мен дамуында бірнеше есе артта қалып қояды. Ал егер бірнеше айдан кейін анасы бауырына басар болса, оның дамуы бірнеше есе жоғарылап, анасы қайтадан қалдырар болса, бұрынғы артта қалушылық қайтадан байқалады. Ал анасы өзінен үш рет айырған болса, бала ешқашан қалыпты нормаға түсе алмайды. Эмоционалды пассивтілікке ұшыраған бұл жағдай «госпитализм» деп аталады. Ол үлкендермен қарым-қатынастың жедел дефицитке ұшырауынан пайда болатын стрестік жағдай» [17]. Отбасыда бала 25% жағдайда өз бетінше ойнап немесе жан-жақты бақылаумен айналысып, 75% жағдайда үлкендермен белсенді қарым-қатынас жасайтын болса, балалар мекемелерінде осы көрсеткіш керісінше болады. Алайда отбасында тәрбиелеудің де өз кемшіліктері жоқ емес. Канада, Венгрия,

АҚШ елдерінің тәжірибесінде отбасына алған балаға тұрмыстық, физикалық зорлық-зомбылық көрсету фактілері жиі тіркелген. Дегенмен ондай мәселелер заң және нормативті актілерде тәрбиешіге қойылатын талаптарда қарастырылған және оған жауапты Қорғаншылық және қамқоршылық органдары бақылау жүргізіп отыру механизмін қалыптастыру керек. Америкалық психолог Н. Миллер де бала кездегі үлкендер тарапынан берілетін жылу дефициті тек интеллекттің төмендеуі мен әлеуметтік мінез-құлықтың аномалиясына ғана емес, сонымен қатар олардың рухани әлсіздігі, жүйке ауыртпашылы мен агрессивтілігінің себебі бола алады дейді.

Қорытынды

Қазақстанда жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғау, әлеуметтік жұмыс жүргізу жаңаша модернизацияланға жүйе бойынша жүргізілуді талап етеді. Мақала барысында келесі қорытындыларға қол жеткіздік:

Мемлекеттік балалар үйінде тәрбиеленуші балалар материалдық қажеттіліктерге қол жеткізе алғанымен, еңбек ету, қоршаған ортаға бейімделу, өзін-өзі қалыптастыру кезеңінде қиыншы-

лықтарға ұшырайды. Бұл мәселе өз кезегінде олардың өмірлік бағыттарын жоғалтып, қылмыс, нашақорлық сынды деструктивті әрекеттерге жол беруіне себепші болады.

Қазіргі уақытта дамыған елдер тәжірибесі жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасылық нысандағы баламалы тәрбиелеу объектілеріне беруде. Қазақстанда соңғы жылдары мемлекеттік мекемелердегі балаларға қарағанда отбасы үлгісіндегі балалар үйлерінде тәрбиеленушілердің үлес салмағы артып келеді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған денсаулығы мен мінез-құлқында ақауы жоқ балаларды отбасы үлгісіндегі объектілерге орналастыру мемлекетке экономикалық тұрғыдан тиімді, алайда бақылануы күрделірек.

Балаларды отбасына баламаландырылатын орындарда тәрбиелеп, әлеуметтік жұмыс жүргізу – олардың қоғамнан изоляцияланып, деструктивті мінез-құлыққа бейім болуының алдын алады. Отбасы баланың болашақ өмірге дайын тұлға ретінде қалыптасуына, қоғаммен қарым-қатынас орнатуына, білім алу мен тәрбиелену барысында өзін өзгелермен тең сезінуіне оң әсер етеді, алайда мәселенің бұл шешім жолы олардың толық қауіпсіз болатындығына кепілдік бола алмайды.

Әдебиеттер

- 1 Детские дома городов Астана, Алматы и областных центров РК // URL: http://egov.kz/wps/portal/Content?contentPath=/egovcontent/social/fam_support/article/orphanages&lang=ru (дата обращения: 14.10.2015)
- 2 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // URL: <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877> (қаралған күні: 12.12.2012)
- 3 2014 жыл бойынша Бала құқықтарын қорғау жөніндегі ұлттық баяндама // URL: <http://www.edu.gov.kz/kk/analytics/kazakhstan-respublikasyndagy-balalardyn-zhagdayy-turaly-bayandama> (қаралған күні: 25.09.2015).
- 4 Толстых А.В. Наедине со всеми: о психологии общения. – 1 изд. – Минск: Полымя, 1990.
- 5 Депутат предложил заменить детдома на патронатство // URL: <http://www.info-tses.kz/news/deputat-predlozhit-zamenit-detdoma-na-patronatstvo/> (дата обращения: 26.11.2014).
- 6 Работники детских домов в РК препятствуют усыновлению детей // URL: http://www.kursiv.kz/news/obshestvo/rabotniki_detskikh_domov_v_rk_prepjatstvuyut_usynovleniyu_detey_deputat/ (дата обращения: 25.06.2015).
- 7 Касенова А. Казахстан нуждается в обновленной системе социальной защиты сирот. / Капитал – 2013 №10 (389) 14 марта. 6 стр.
- 8 Отчет о доходах и расходах на 2015 год КГУ «Детский дом №2» Управления образования г.Алматы // URL: <http://dep.edualmaty.kz/ru/finansirovanie/finansirovanie-organizatsij-obrazovaniya-g-almaty/internaty-g-almaty> (дата обращения: 28.04.2015).
- 9 Содержание и методика социальной работы / под ред. Сигида Е.А. – М.: Владос, 2005.
- 10 Исаева Т. Система подготовки воспитанников интернатных организаций для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей к самостоятельной жизни по Костанайской области // Социальная педагогика и самопознание. – 2011. – №6. – С. 27-28.
- 11 Қазақстан Республикасының үкіметінің қаулысы 2014 жылғы 30 наурыз №381 // Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің № 40 актілер жинағы – 20-34 бет.
- 12 Қазақстан Республикасының үкіметінің қаулысы 2012 жылғы 14 шілде №787 // Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің № 45 актілер жинағы – 145 бет.
- 13 Foster care in the United States // URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Foster_care_in_the_United_States#Statistics (дата обращения: 11.01.2016).

- 14 Что получают усыновители США? // URL: <http://www.kommersant.ru/doc/2134933> (дата обращения: 26.02. 2013).
- 15 Петриченко Л. Государство и общество против сиротства // Огни Мангистау. – 2015. – №136-137. – С. 6.
- 16 Wilder T. The Alcestiad: Or, A Life In The Sun. – 1 изд. – New York: Harpercollins, 1977.
- 17 Мудрик А.В. Социализация человека. – М.: Академия, 2009.

References

- 1 Detskie doma gorodov Astana, Almaty i oblastnyh centrov RK // URL:http://egov.kz/wps/portal/Content?contentPath=/egovcontent/social/fam_support/article/orphanages&lang=ru (data obrashheniya: 14.10.2015)
- 2 KR Prezidentinin «Kazakstan-2050» strategijasy kalypaskan memlekettin zhana sajasi bagyty» atty Kazakstan halkyna Zholdaу // URL: <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877> (karalghan kuni:12 .12. 2012)
- 3 2014 zhyl bojnynsha Bala kukyktaryn korgau zhonindegi ulttyk bajandama // URL: <http://www.edu.gov.kz/kk/analytics/kazakstan-respublikasynadagy-balalardyn-zhagdayy-turaly-bayandama> (karalghan kuni: 25.09.2015).
- 4 Tolstyh A.V. Naedine so vsemi: o psihologii obshheniya. – 1 izd. – Minsk: Polymja, 1990.
- 5 Deputat predlozhlil zamenit' detdoma na patronatstvo // URL: <http://www.info-tsес.kz/news/deputat-predlozhlil-zamenit-detdoma-na-patronatstvo/> (data obrashheniya: 26.11. 2014).
- 6 Rabotniki detskih domov v RK prepjyatstvujut usynovleniju detej // URL: http://www.kursiv.kz/news/obshhestvo/rabotniki_detskikh_domov_v_rk_prepjyatstvuyut_usynovleniyu_detey_deputat/ (data obrashheniya: 25.06.2015).
- 7 Kasenova A. Kazahstan nuzhdaetsja v obnovlennoj sisteme social'noj zashhity sirot. / Kapital – 2013 №10 (389) 14 marta. 6 str.
- 8 Otchet o dohodah i rashodah na 2015 god KGU «Detskij dom №2» Upravlenija obrazovaniya g.Almaty // URL: <http://dep.edualmaty.kz/ru/finansirovanie/finansirovanie-organizatsij-obrazovaniya-g-almaty/internaty-g-almaty> (data obrashheniya: 28.04.2015).
- 9 Soderzhanie i metodika social'noj raboty / pod red. Sigida E.A. – М.: Vldos, 2005.
- 10 Isaeva T. Sistema podgotovki vospitannikov internatnyh organizacij dlja detej-sirot i detej, ostavshihjsja bez popecheniya roditel'j k samostojatel'noj zhizni po Kostanajskoj oblasti // Social'naja pedagogika i samopoznanie. – 2011. – №6. – S. 27-28.
- 11 Kazakstan Respublikasynyn ukimetinin kaulysy 2014 zhylgy 30 nauryz №381 // Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti men Ukimetinin № 40 aktiler zhinagy – 20-34 bet.
- 12 Kazakstan Respublikasynyn ukimetinin kaulysy 2012 zhylgy 14 shilde №787 // Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti men Ukimetinin № 45 aktiler zhinagy – 145 bet.
- 13 Foster care in the United States // URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Foster_care_in_the_United_States#Statistics (data obrashheniya: 11.01.2016).
- 14 Chto poluchajut usynoviteli SShA? // URL: <http://www.kommersant.ru/doc/2134933> (data obrashheniya: 26.02. 2013).
- 15 Petrichenko L. Gosudarstvo i obshhestvo protiv sirotstva // Oгни Mangistau. – 2015. – №136-137. – S. 6.
- 16 Wilder T. The Alcestiad: Or, A Life In The Sun. – 1 изд. – New York: Harpercollins, 1977.
- 17 Mudrik A.V. Socializacija cheloveka. – М.: Akademiya, 2009.